

№38 қазақ орта мектебі

**№38 қазақ орта мектеп психологының
2025 – 2026
оқу жылындағы жылдық есебі**

2025 – 2026 оқу жылы

**№38 қазақ орта мектебінің психологиялық қызметінің 2025 – 2026 оқу жылы
бойынша жылдық жұмыс есебі.**

Мектеп кезеңінде қолайлы психологиялық жағдай жасау және оқу процесінің барлық қатысушыларына психологиялық колдау көрсету арқылы білім беру процесіне психологиялық сүйемелдеу. Биылғы оқу жылында мектепте 678 оқушы білім алуда, 33 класс комплект бар. Мектептегі психологиялық қызметтің жұмысы 5 негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады.

- Психодиагностика;
- Түзету-дамыту жұмысы;
- Алдын алу-ағарту жұмысы;
- Кеңес беру;
- Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс.

1. Диагностикалық бағыт.

1 сынып оқушыларынан мектепке дайындығын анықтау мақсатында «Керн Иерасек» әдістемесі алынды. Нәтижесінде барлық оқушы саны-58 , жоғары -31 оқушы, орташа- 20 оқушы, төмен- 7 оқушы анықталды. 1-ші сыныпқа қабылданған оқушылардың психологиялық дамуы және мектепке дайындық деңгейінің зерттеу нәтижелерімен класс жетекшілері таныстырылды. 5-10 сынып оқушылардың оқу мотивациясын анықтау мақсатында «Лусканова» сауалнамасы алынды. Оған 5 класс бойынша 74 оқушы, 10 класс бойынша 44 оқушы қатысты. Оқушылардың оқуға бейімділігі жоғары және орташа деңгейді көрсетті. Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша сауалнама Д.Олвеус сауалнамасы 5-11 сыныптардан алынды. Барлығы 421 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша жоғары деңгей көрсеткіш көрсеткен оқушы анықталмады. Жасөспірімдердің үрей, стресс, депрессия, мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында 8-11 сынып оқушыларына «Дасс» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама бойынша 3 оқушы анықталды. Оқушылар жеке сұхбатқа шақырылып, оқушыларға жеке жоспарлар құрылып жұмыстар жүргізілді. Зорлық-зомбылықты анықтау бойынша 3-11 сынып оқушыларынан «Экспресс» сауалнамасы алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша бала өмірінде кездесетін зорлық-зомбылықтың түрі анықталмады. «Тәуекел тобы» және дасс сауалнамасынан шыққан оқушылардан «Бектің үмітсіздік шкаласы» атты сауалнамасы алынды, нәтижесі қалыпты деңгейде. Девиантты мінез-құлықты анықтау мақсатында 1-4 сынып оқушыларынан «Адамдары бар ағаш» проективті әдістемесі өткізілді. Нәтижесінде сауалнамаға 228 оқушы қатысты. 181 оқушы қалыпты деңгейде, 47 оқушы орташа деңгейді көрсетті. 10-11 сынып оқушыларынан Жалғыздықтың субъективті сезім деңгейін диагностикалау мақсатында «Д.Рассел мен М.Фергюсонның» әдістемесі алынды. Сауалнамаға 82 оқушы қатысты. Қорытынды бойынша қалыпты нәтижені көрсетті. 1-4 сынып оқушыларына Балалардағы суицид қауіпінің болжамды кестесі (А.Н.Волкова) картасы жасақталды. Сынып жетекші, әлеуметтік педагог және мектеп психологы бірігіп оқушыларға карта жасақтады. Нәтижесі бойынша суицидтік мінез-құлыққа тән қауіп факторы анықталмады. 5-11 сынып оқушыларынан «Суицид тәуекелі картасы» әдістемесі (жасөспірімдерге арналған Л.Б.Шнейдер модифик акциясы) картасы жасақталды. Сынып жетекші, әлеуметтік педагог және мектеп психологы бірігіп оқушыларға карта жасақтады. Нәтижесі бойынша суицидтік мінез-құлыққа тән қауіп факторы анықталмады. Қаңтар айында аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау

мақсатында 5-11 сынып оқушыларынан «Жасөспірімдердің әл-ауқатының шкаласы, авторы Кэрол Рифф» алынды. Сауалнамаға 452 оқушы қатысты. Жоғары деңгейде- 404 оқушы, орташа деңгейде-48 оқушы, төмен деңгейде оқушы анықталмады. Ақпан айында Мазасыздықтың экспресс – әдістемесі (Филлипс тестінің О.Хмельницкая жасаған модификациясы) сауалнамасы жүргізілді. Қорытындысы бойынша сауалнамаға 5-6 сынып оқушылары, 145 оқушы қатысты. Нәтижесі бойынша төмен деңгей- 130 оқушы, орташа деңгей- 15 оқушы, ал жоғары деңгейдегі оқушылар анықталмады. 7-11 сынып оқушыларынан «Өмірге төзімділік» тесті (Д.Леонтьевтің бейімделуіндегі С.Мадди тесті) алынды. Сауалнамаға 290 оқушы қатысты. Төмен деңгей- 254 оқушы, орташа деңгей-36 оқушы, жоғары деңгей анықталмады. Наурыз айында 5-9 сынып оқушыларынан «Жалғыздық» сауалнамасы (С.Г.Корчагина) алынды. Сауалнамаға 358 оқушы қатысты. Жалғыздықты бастан кешірмейді- 241 оқушы, таяз бастан кешіреді- 117 оқушы, жоғары деңгейде бастан кешіретін оқушы анықталмады. Бастауыш сынып оқушыларынан «Отбасы суреті» проективті әдістемесі жүргізілді. 5-9 сынып оқушыларына «Жаңбыр атындағы адам» проективті әдістемесі жүргізілді. 10-11 сынып оқушыларына «Болмаған жануар» проективті әдістемесі жүргізілді. Жыл бойы жүргізілген диагностика нәтижелері негізінде білім деңгейі орташа оқушылар анықталып, олармен жүйелі түрде жұмыс жүргізу мақсатында арнайы жоспар құрылды. Бұл жоспар оқушылардың білім сапасын арттыруға, олқылықтарын жоюға және оқу дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Аталған оқушылар сырттай бақылауға алынып, олардың оқу жетістіктері тұрақты түрде қадағаланып отырды. Әр оқушының жеке ерекшеліктері мен білім деңгейі ескеріліп, сараланған тапсырмалар берілді. Қосымша сабақтар, жеке кеңестер және түзету жұмыстары ұйымдастырылып, оқу материалдарын меңгеруіне қолдау көрсетілді. Сонымен қатар, ата-аналармен байланыс орнатылып, оқушылардың үйдегі дайындық деңгейі де назарға алынды. Мұғалім тарапынан кері байланыс беріліп, оқушылардың жетістіктері мен қиындықтары талданып отырды.

2. Консультативтік бағыт.

Жеке сұраныстар бойынша топтық, жеке дара кеңестер берілді.

Ата-анаға - 15, оқушыға - 32, мұғалімдерге – 30 кеңес берілді.

Мектепке бейімделу мәселелері бойынша 1-класс оқушыларының сынып жетекшілеріне кеңестер берілді.

Жүргізілген диагностика нәтижелері бойынша оқушылармен жекелеген жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізілді.

Депрессия мен мазасызданудан қалай арылуға болады сұрақтары бойынша оқушыларға жекелей кеңестер беріліп, жұмыстар жүргізілді.

Сонымен қатар жоғары сынып оқушыларының жеке сұраныстары бойынша мамандық таңдауға кеңестер беріліп, жеке сұхбат жүргізілді.

Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың ата-аналарына кеңестер беріліп, жекелеген сұхбаттар жүргізілді.

3. Психокоррекциялық және дамытушылық бағыт бойынша.

Мобильді топтың шешімі, жоспар бойынша бейімделу кезеңіндегі, диагностика қорытындысы бойынша жеке түзету-дамыту жұмыстары және ЕББҚ балалармен түету дамыту сабақтары үнемі қажеттілігіне қарай жүргізіліп отырады. Түзету дамыту жұмыстары: 1-класс оқушыларының мектепке бейімделуін арттыру мақсатында «Менің көңіл-күйім» атты психологиялық тренингтер жүргізілді. 2-4

сынып оқушыларына қабылдау, есте сақтау таным процестерді арттыруға психологиялық тренинг сабақтар, 5-10 сыныптарға жаңа ортаға бейімделу процесін жеңілдету мақсатында тренинг-сабақтар, 11 класс білім алушыларымен «Мен және менің болашағым» атты психологиялық сабақтар, 9, 11 – сынып білім алушыларына мамандық таңдауда және емтихан тапсыруға психологиялық қолдау жұмыстары, 6-9 сынып бойынша жеке тұлғалық түзету тренингтері, 5 класс білім алушыларымен қарым қатынас дағдыларын дамыту, топтық ахуалды реттеу, өзіндік реттеу бағыттары бойынша тренингтер ұйымдастырылды. Оқушылардың өзара сенімділігін, қарым-қатынасын, ұйымшылдығын арттыру, бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында «Көңілді үзіліс» уақыты ұйымдастырылды. 9-11 сынып оқушыларына мотивация сыйлап, шығармашылық әрекеті арқылы оқушылардың армандарын жүзеге асыруға энергия тудыру мақсатында «Армандар картасы» проективті әдістемесі жүргізілді. Денсаулық жағдайына байланысты үйден оқытылатын оқушылар саны 1-еу. Мектептегі ерекше білім алатын 9 оқушы бар. Оқушылармен жүйелі түрде түзету-дамыту жұмыстары жүргізілуде.

1-5 сынып оқушыларын бейімделу кезеңінде психологиялық қолдау көрсету мақсатында «Сәтті бейімделу» атты тренинг өткізілді. Жаксы көңіл күйдің адами қарым-қатынынаста алатын орны туралы оқушылардың түсініктерін кеңейту. Эмоционалдық көңіл күйін көтеру, шаршағандықтарын басу, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

1-класс оқушыларының мектепке бейімделуін арттыру мақсатында «Менің көңіл-күйім» атты психологиялық тренингтер жүргізілді.



2-4 сынып оқушыларына қабылдау, есте сақтау таным процестерді арттыруға психологиялық тренинг сабақтар өткізілді.



5-10 сыныптарға жаңа ортаға бейімделу процесін жеңілдету мақсатында тренинг-сабақтар, дөңгелек үстел өткізілді.



11 класс білім алушыларымен «Мен және менің болашағым» атты психологиялық тренинг ұйымдастырылды. Бітіруші түлектер белсене қатыса, өз ойларын ашық айтты.



9, 11 – сынып білім алушыларына мамандық таңдауда және емтихан тапсыруға психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді.



5 сынып білім алушыларымен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, топтық ахуалды реттеу, өзіндік реттеу бағыттары бойынша тренингтер ұйымдастырылды.



9-11 сынып оқушыларына мотивация сыйлап, шығармашылық әрекеті арқылы оқушылардың армандарын жүзеге асыруға энергия тудыру мақсатында «Армандар картасы» проективті әдістемесі жүргізілді.



Денсаулық жағдайына байланысты үйден оқытылатын оқушылар саны 1-еу. Мектептегі ерекше білім алатын 8 оқушы бар. Оқушылармен жүйелі түрде түзету-дамыту жұмыстары жүргізілуде.



1-5 сынып оқушыларын бейімделу кезеңінде психологиялық қолдау көрсету мақсатында «Сәтті бейімделу» атты тренинг өткізілді. Жақсы көңіл күйдің адами қарым-қатығынаста алатын орны туралы оқушылардың түсініктерін кеңейту. Эмоционалдық көңіл күйін көтеру, шаршағандықтарын басу, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.



1-4 сынып оқушыларына «Қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар» ұйымдастырылды.



8-11 сынып оқушыларының қайырымдылық, мейірімділік, адамгершілік құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту мақсатында «Мейірімділік құндылық» психологиялық тренинг өткізілді.



8-11 сынып оқушыларына аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуда психокоррекциялық сабақтар өткізілді. Мақсаты: оқушылардың санасына өмір адамның басты құндылығы екенін жеткізу.



Ұжымның хал-ахуалын жақсарту мақсатында «Көтеріңкі көңіл күй-жемісті еңбек» атты психологиялық тренинг өткізілді.



8-11 сынып оқушыларына «Менің құқықтарым». «Қиын жағдайлардан не үйренеміз?» атты тренинг өткізілді. Мақсаты: Оқушының құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін толықтыру.



11 сынып оқушыларына «Емтихан» іскерлік ойын атты тренинг-сабақтар жүргізілді. Мақсаты: Оқу процесіндегі маңызды емтихан кезіндегі күйзелістік ахуалдың алдын алу және психологиялық дайындығын нығайту.



Педагогтерге «Табысты мұғалім болудың сыры» психологиялық тренинг өткізілді. Педагогтардың кәсіптік қалыптасуына ықпалдасу, қызметіне бейімделу кезеңінде кәсіптік күзіретін дамыту мақсатында өткізілді.



5-11 сынып оқушыларына «Позитивті өмір» психологиялық акциясы жүргізілді. Балаларды жағымды эмоциялармен бөлісуге, бір-бірін қолдауға және әрқашан позитивті ойлауға ынталандыру мақсатында жүргізілді.



9-11 сынып оқушыларына «Мамандық-жетістік мерейі» атты тренинг ұйымдастырылды. «Мамандық» құндылығы туралы түсініктерді кеңейту. Мамандық таңдау, оның нәтижесіндегі еңбек қуанышы туралы ұғым беру мақсатында жүргізілді.



11 сынып оқушыларына «ҰБТ-ке психологиялық дайындық» психологиялық тренинг өткізілді. Түлектердің ҰБТ –ке дайындық барысында психологиялық көмек көрсету, қолдау мақсатында жүргізілді.



Ұстаздарға «Мен ғажайып ұстазым!» психологиялық тренинг ұйымдастырылды. Педагогтардың эмоцияналды және көңіл-күйлерін көтеруге, кәсіби жанудың алдын алу мақсатында ұйымдастырылды.



Мектепте ерекше білімді қажет ететін 8 оқушыға психологиялық қолдау көрсету жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылған. Әр оқушының психологиялық ерекшеліктері, даму деңгейі және жеке қажеттіліктері ескеріліп, мектеп психологы тарапынан жеке жұмыс жоспары құрылды. Аталған жоспарға сәйкес, мектеп психологы айына 1 рет оқушылармен арнайы кездесулер өткізіп, психологиялық диагностика, түзету-дамыту және кеңес беру жұмыстарын жүргізеді. Диагностика барысында оқушылардың эмоционалдық жағдайы, танымдық процестері, қарым-қатынас дағдылары зерттеледі. Нәтижесіне сәйкес, әр оқушыға жеке түзету жұмыстары жоспарланып, түрлі психологиялық жаттығулар мен әдістер қолданылады.

Түзету-дамыту жұмыстары оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттыруға, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас орнатуына, эмоцияларын басқаруына және оқу мотивациясын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, психологиялық қолдау көрсету мақсатында тренингтер, ойын элементтері және релаксациялық жаттығулар жүргізіледі. Психолог ата-аналармен және мұғалімдермен тығыз байланыста жұмыс жасап, оқушылардың психологиялық дамуына қатысты ұсыныстар мен кеңестер беріп отырады.



8 сынып оқушыларына «Эмоциялық интеллектіні қалыптастыру» мақсаты: Адамның өз эмоцияларын және басқалардың эмоцияларын түсінуге және оларды тиімді басқаруға бейімделуі.



4. Ағарту және профилактикалық бағыт.

Психологиялық алдын алу бағыты бойынша білім алушылармен, ата-аналармен жұмыстар жүргізілді. Ата-аналармен «Бала-қауіпсіздігі – басты назарда, «1-класс оқушыларының жаңа оқу жағдайларына бейімделуі», «5-класс оқушыларының бейімделу кезіндегі мінез-құлқындағы ерекшеліктері», «Жасөспірімдік кезеңде тұлғалық дағдарыс ерекшеліктері», «Бала болашағы бүгіннен», «Буллинг пен кибербуллингтің алдын алуда ата-ананың рөлі», «Отбасы – бақыт мекені», «Баланың ғаламтор желісіндегі қауіпсіз мінез- құлқы» тақырыптарында ата-аналар жиналыстары, дөңгелек үстелдер өткізілді.

5 – 11 класс оқушыларына «Зорлық-зомбылық және ерте жүктіліктің алдын алу», «Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ», «Жасөспірімдер арасындағы буллингті анықтау және жою» атты дәріс, «Өмір-қымбат сый», «Біз өмірді сүйеміз», «Өмір шексіз керуен» «Өмірдің басты құндылықтары», атты психологиялық сағат және тренингтер өткізілді. 8-11 сынып қыз балаларына «Ерте жүктіліктің ертеңі», «Қыздар гигиенасы», «Қыздар сұлу көрінер қылығымен» атты дәріс және қыздар жиналысы өткізілді, қыз балалардың тәртібін, тәрбиесін қалыптастыру мақсатында жоспар бойынша арнайы денсаулық сақтау ұйымдарының дәрігер мамандарымен кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

7-11 сынып оқушыларына «Ғаламтор» «Буллинг» «Кибербуллинг» алдын алу мақсатында психологиялық дәріс сабақтар және түсіндірме жұмыстары өткізілді.

Ата-аналармен «Бала-қауіпсіздігі – басты назарда атты жиналыс өткізілді. Ата-аналарға балалардың қауіпсіздігі туралы айтылды және ата-аналарға психологиялық кеңестер берілді. Мақсаты:Ата-аналарды балалардың қауіпсіздігін сақтау жолдарымен таныстыру, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.



5 – 11 класс оқушыларына «Зорлық-зомбылық және ерте жүктіліктің алдын алу» мақсатында қыздар жиналысы өткізілді.



«Буллинг пен кибербуллингтің алдын алуда ата-ананың рөлі» ата-аналарға арналған жиналыс өткізілді. Буллинг ұғымы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



«Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» атты 9-10 сынып оқушыларына дөңгелек үстел өткізілді. Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат берілді, психологиялық тренинг өткізілді.



«Өмір-қымбат сый», «Біз өмірді сүйеміз», «Өмір шексіз керуен» атты 8-9 сынып оқушыларына психологиялық тренинг сабақ өткізілді. Оқушылар белсене қатысып, өз ойларын ашық білдірді.



10-11 сынып оқушыларына «Өмірдің басты құндылықтары», атты психологиялық сағат және тренингтер өткізілді. Өмірге деген құштарлықтарын, қызығушылықтарын ояту, өмірдің мәні туралы ой пікірлерін ортаға салды.



8-11 сынып қыз балаларына «Ерте жүктіліктің ертеңі», «Қыздар гигиенасы», «Қыздар сұлу көрінер қылығымен» атты дәріс және қыздар жиналысы өткізілді, қыз балалардың тәртібін, тәрбиесін қалыптастыру мақсатында жоспар бойынша арнайы денсаулық сақтау ұйымдарының дәрігер мамандарымен кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.



7-11 сынып оқушыларына «Ғаламтор» «Буллинг» «Кибербуллинг» алдын алу мақсатында психологиялық дәріс сабақтар және түсіндірме жұмыстары өткізілді.



Мектебіміздің мәжіліс залында мектеп педагогтеріне «Балалардың қауіпсіздігі және зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында вебинар өткізілді.



8-9 сынып оқушыларына Менің көңіл-күйім психологиялық арт-терапия өткізілді. Мақсаты: оқушылардың өз көңіл-күйін игере білуге және басқаруға, қадағалауға, дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу.



Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі бойынша қыздар жиналысы өткізілді. Мақсаты: қыз балаларға қыз балалардың әдебі туралы толық мағлұмат берілді.



Оқушылар арасындағы ерте жүктілікті алдын алу бойынша қыздар жиналысы өткізілді. Мақсаты: ерте жүктілік деген не? Ерте жүктілік немен қауіпті? тақырыптарына мағлұматтар берілді.



Табысты мұғалім атты жас педагогтерге арналған психологиялық тренинг ұйымдастырылды. Педагогтердің өзара қарым-қатынастарын қалыптастыру, жұмысқа деген белсенділіктерін арттыру мақсатында өткізілді.



Жасөспірімдер арасындағы буллингті анықтау, жою, алдын алу дәрісі өткізілді. 8-11 сынып оқушылары қатысты. Жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алу мақсаты — қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын болдырмау және буллингке ұшырамау туралы түсінік беру.



10-11 сынып оқушыларына Агрессияны бақылауда ұста атты тренинг ұйымдастырылды. Мақсаты: Агрессияны басқару дағдыларын дамыту. Сабырлылық пен өзара түсіністікке жету жолдарын үйрету.



Мейірімділік өзара көмек атты 7-8 сынып оқушыларына дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: Жеке адам, адам бойындағы жағымды, жағымсыз қасиеттер, өзін - өзі тәрбиелеу туралы мағлұмат беру.



7-11 сынып оқушыларына Зорлық-зомбылық пен қатыгездікке жол бермеу атты дәріс өткізілді. Мақсаты: Зорлық-зомбылық көріністерін жою, олармен күресу.



8-11 сынып оқушыларына Аутодеструктивті мінез-құлық және әлеуметтік желілер атты тренинг өткізілді. Мақсаты: Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу мәселелері туралы мағлұмат беру.



Өмір-қымбат сый психологиялық тренинг 8-11 сынып оқушыларына. Мақсаты: Оқушының өмірге деген құлшынысын арттыру, өмір туралы ой-өрісін дамыту.



Ата-аналарға арналған Балаңыз туралы не білуіңіз керек? дәріс өткізілді. Мақсаты: ата-анамен баланың арасындағы қарым-қатынасты анықтау.



8-11 сынып оқушыларына Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша баяндама жүргізілді.



7-8 сынып оқушыларына Позитивті өмірлік ұстанымдарын қалыптастыру тренинг өткізілді. Мақсаты: Өзінің қайталанбас тұлға екенін сезіндіру. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді көру, адами құндылықтарын бағалау.



Қыздар гигиенасы туралы мамандар кеңесі жиналысы өткізілді. Ерте жүктіліктің алдын алу және гигиена әдебі түсіндіру мақсатында жүргізілді.



Қыздар сұлу көрінер қылығымен атты дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: қыз балаларды әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, шынайылыққа, ар – намысын, тазалығын, сұлулығын жоғары қоя білуге үйрету.



Иманды қыз, аяулы ана ақпан айында қыз балаларға арналған дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: қыз баланың бойындағы асыл қасиеттерді айта отырып, болашағына дара жол салу.



Ерте жүктілік немен қауіпті? Қыз балаларға арналған тренингтер өткізілді. Мақсаты: ерте жүктілік мәселелері бойынша хабардар болу деңгейін арттыру.



Мектеп ұжымына жаңа жыл мейрамы қарсаңызда Құпия дос ойыны ұйымдастырылды. Ұжымның қарым-қатынасын нығайту, ауызбіршілшікті арттыру мақсатында ұйымдастырылды.



Тәуекел тобы оқушыларымен жүргізілетін психологиялық жұлдық жұмыс жоспары құрылды. Оқушылардың тізімі жасақталық, директоромен бекітілді. Ең алдымен оқушылардың жай күйін бақылау жұмыстары жүргізілді. Қараша айында «Мен өзімді түсінемін» атты психологиялық тренинг ұйымдастырылды. Өзін-өзі тануға, ішкі жан дүниесіне енуге және оған бағдарлануға деген ұмтылысты қалыптастыру мақсатында өткізілді. Желтоқсан айында «Қарым-қатынас мәдениеті» атты тренинг өткізілді. Ортамен, өз-өзімен дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыруға үйрету мақсатында жүргізілді. Қаңтар айында «Ашу мен ренішті жеңу» арт-терапия сабағы өткізілді. Ашу үстінде оқушыларды өзін салмақты ұстауға машықтандыру және өз ойын еркін айту үйрету мақсатынды өткізілді. Ай сайын оқушылармен қажетіне қарай сұхбаттар жүргізіледі. Ата-аналарға және сынып жетекшілеріне тоқсан сайын психологиялық кеңестер берілді.

5. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс.

Қыркүйек айында ата-аналардан психологиялық қолдау қызметіне келісім алынды. Білім алушылардың үй-жайын аралау жұмыстары жүргізілді.

2025 - 2026 оқу жылының жылдық қорытындысы бойынша «Сенім жәшігіне» келіп түскен хаттар жоқ. «Сенім телефонына» келіп түскен қоңыраулар жоқ.

Мектеп психологтары:

Г.Ж.Бердібек
А.Б.Түлкібаева